Ф.7.02-10

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

М.ӘУЕЗОВ атындағы ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ

«БЕКІТЕМІН»
Басқарма Төрағасы-Ректор
__________Д.Ж.Ахмед-Заки
«___»_________2025ж.

# БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

6В03220 – Журналистика

| | |
|---|---|
| Тіркеу номері | 6В03200026 |
| Білім беру саласының коды мен жіктелуі | 6В03 – Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат |
| Даярлау бағыттарының коды мен жіктелуі | 6В032 – Журналистика және ақпарат |
| Білім беру бағдарламаларының (БББ) тобы | В042 – Журналистика және репортер ісі |
| БББ түрі | жаңа |
| ББХСЖ бойынша деңгейі | 6 |
| ҰБШ бойынша деңгейі | 6 |
| СБШ бойынша деңгейі | 6 |

| | |
|---|---|
| Оқыту тілі | Қазақ, орыс |
| Серіктес-ЖОО (ҚББ) | - |
| Серіктес-ЖОО (ҚДББ) | - |

Шымкент, 2025

Құрастырушылар:

| Т.А.Ә. | қызметі | қолы |
|---|---|---|
| Алимбаев Медеу Еркінұлы | Ф.ғ.к., доцент | |
| Абдукаримова Гулжан Айдарқызы | Ф.ғ.к., доцент | |
| Утегенова Гулзира Жақсылыққызы | Ф.ғ.к., доцент | |
| Сариева Толкын Қуанышқызы | Аға оқытушы | |
| Танабаева Гулзира Өміртайқызы | Ф.ғ.к., доцент | |
| Шойбекова Ақбота Абайқызы | Ф.ғ.к., доцент | |
| Жамашева Жанар Рахматуллақызы | Ф.ғ.к., доцент | |
| Саламат Омаш | «Оңтүстік» телеканалының директоры | |
| Тайжан Бақтияр | Шымкент Ақпарат серіктестігі директорының Кеңесшісі | |
| Кенжеғұлов Нұрлан Құлбекұлы | «Оңтүстік Қазақстан» газеті директоры-бас редакторының орынбасары | |
| Лимаренко Марина Анатольевна | «Южный Казахстан» газетінің директор-бас редакторы | |
| Беркінбаев Еділбай Түймебайұлы | «HAN-TV» телеарнасының редакторы | |
| Сейтжан Қасиет Байдуллаұлы | ФИ-22-11к4 тобының студенті | |

Білім беру бағдарламасы Филология факультетінің академиялық сапа жөніндегі комитет мәжілісінде қаралды.

«_____» __________2025ж. №_____ хаттама.

АК төрағасы ________________ Шакенова М.

М.Әуезов атындағы ОҚУ Оқу-әдістемелік Кеңесінің мәжілісінде талқыланып, бекітуге ұсынылды

«_____» __________2025ж. №_____ хаттама.

Ф.7.02-10

ОӘК төрағасы________Е.И. Иманғалиев

Университет Ғылыми Кеңесінің шешімімен бекітілді

«_____» __________2025ж.  №_____ хаттама.

МАЗМҰНЫ


| | | |
|---|---|---|
| | Білім беру бағдарламасының тұжырымдамасы................................................... | 4 |
| | Білім беру бағдарламасының паспорты................................................................ | 6 |
| | БББ бітіруші түлегінің құзыреттіліктері............................................................ | 9 |
| 3.1 | Жалпы БББ бойынша оқыту нәтижелерінің жалпы қалыптасатын құзыреттермен арақатынасы матрицасы................................................................. | 10 |
| 4. | Модульдер мен пәндердің оқыту нәтижелерін қалыптастыруға ықпалы мен еңбек көлемі туралы мәліметтер матрицасы................................................... | 11 |
| 5 | Білім беру бағдарламасының модульдері кескінінде меңгерілген кредиттер көлемін көрсететін жиынтық кесте......................................................................... | 56 |
| 6. | Оқыту стратегиясы, әдістері және жасанды интеллект, бақылау және бағалау... | 57 |
| 7 | БББ оқу-ресурстық қамтамасыз ету..................................................................... | 58 |
| | Келісу парағы................................................................................................................ | 59 |

Қосымша 1. Жұмыс берушінің пікірі

Қосымша 2. Эксперттік қорытынды

Қосымша 3. Кәсіби стандарттар.

# 1 БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

| | |
|---|---|
| Университет миссиясы | Жаңа құзыреттіліктерді қалыптастыру, зерттеушілік ойлау мен мәдениетті тарататын көшбасшы дайындау. |
| Университет құндылықтары | -- ашықтық – өзгерістерге, инновацияларға және ынтымақтастыққа әзір;<br>-- шығармашылық – идеяларды тудырады, оны дамытады және құндылықтарға айналдырады;<br>-- академиялық еркіндік – таңдау жасаудағы, дамудағы еркіндік және іс-әрекет;<br>-- серіктестік – барлығы жеңіске жететін және сенімділік пен қолдау тудыратын қарым-қатынасты құру;<br>-- әлеуметтік жауапкершілік – міндеттемелерді орындауға, шешім қабылдауға және оның нәтижелері үшін жауапты болуға дайын. |
| Түлек үлгісі | -- Пән бойынша терең білім алу, оны кәсіби қызметте қолдану және үнемі дамыту;<br>-- Жедел өзгермелі жағдайдағы ақпараттық-цифрлық сауаттылық және ұтқырлық;<br>-- Зерттеу дағдылары, шығармашылық және эмоционалды интеллект;<br>-- Кәсіпкерлік, дербестік және өз қызметі мен әл-ауқатына жауапкершілік;<br>-- Жаһандық және ұлттық азаматтық, мәдениеттер мен тілдерге төзімділік. |
| БББ бірегейлігі | бағдарлама жаңа кәсіптер мен құзыреттердің Атласына сәйкес әзірленді және құрылымдық кәсіпорынның қызметін ұйымдастыруға және басқаруға, кәсіби қызметтің мақсаттарын дербес айқындауға, оларға қол жеткізудің әдістері мен құралдарын таңдауға және негіздеуге қабілетті көліктік-логистикалық және ғылыми-педагогикалық құрылымдар үшін компетентті мамандарды даярлауға бағытталған. |
| Академиялық адалдық және әдеп саясаты | Университетте академиялық адалдық пен академиялық еркіндікті сақтау, кез келген төзімсіздік пен кемсітушіліктен қорғау шаралары қабылданды:<br>● Академиялық адалдық ережелері (10.10.2022 ж. №212-нқ бұйрығы);<br>● Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт (08.01.2025ж. №9-нқ бұйрығы);<br>Әдеп кодексі (10.10.2022ж., №212-нқ бұйрығы); |
| БББ әзірлеудің нормативтік-құқықтық негіздері | 1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы;<br>2. ҚР БжҒМ 30.10.2018 ж. №595 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары» бұйрығымен және ҒжЖБМ 24.06.2024ж. №307 бұйрығымен жаңа редакцияда бекітілген;<br>3.ҚР БжҒМ 31.10.2018ж. №600 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары» бұйрығымен бекітілген және ҒжЖБМ 26.07.2024ж. №372 бұйрығымен жаңа редакцияда бекітілген;<br>4. ҚР БжҒМ 20.07.2022ж. №2 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары» бұйрығымен бекітілген және ҒжЖБМ |

| | |
|---|---|
| | 04.03.2025ж. №90 бұйрығымен жаңа редакцияда бекітілген;<br>5. ҚР БжҒМ 20.04.2011ж. №152 «Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережесі» бұйрығымен және ҒжЖБМ 29.04.2024ж. №203 бұйрығымен жаңа редакцияда бекітілген;<br>6.ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 30.12.2020ж. №553 «Басшылар, мамандар және басқа да қызметкерлер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы» және 20.06.2024ж. №207 бұйрығымен жаңа редакцияда бекітілген<br>7.Оқу процесіне ECTS принциптерін енгізу және академиялық еркіндікті кеңейту бойынша әдістемелік ұсыныстар. ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 12 ақпандағы № 57 бұйрығына қосымша<br>8. ҚР ҒжЖБМ жоғары білім беруді дамыту ұлттық орталығы директорының Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі Нұсқаулық, 04.05.2023 жылғы № 601 н/қ бұйрығының 1-қосымшасымен бекітілген. |
| Білім беру процесін ұйымдастыру | • Болон процесінің принциптерін жүзеге асыру;<br>• Студентке бағытталған оқыту;<br>• Қолжетімділік;<br>• Инклюзивтілік. |
| ББ сапасын қамтамасыз ету | -- Сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесі;<br>-- ББ әзірлеуге және оны бағалауға стейкхолдерлерді тарту;<br>-- Жүйелі мониторинг;<br>-- Мазмұн өзектілігі (жаңарту) |
| Оқуға түсушілерге қойылатын талаптар | Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес ҚР БҒМ 31.10.2018 жылғы №600 бұйрығына 02.06.2023ж. №252 бұйрығымен енгізілген өзгертулер мен толықтырулар |
| Мүгедектігі және ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларға арналған білім беру бағдарламаларын іске асыру шарттары | Ерекше білім беруді қажетететін және мүмкіндігі шектеулі білім алушылар үшін оқу ғимараттары мен студенттік жатақханаларда тактильді ПВХ плиткалары, арнайы жабдықталған дәретханалар, мнемоникалық схемалар, душ бөлмелерінде штангалар орнатылған. Автотұрақта арнайы орындар жасалған. Шынжыр табанды көтергіш орнатылған. Қозғалысы шектеулі адамдарға (ҚША) арналған үстелдер, қозғалыс бағытын көрсететін белгілер, пандустар қойылған. Оқу корпустарында (бас ғимарат, № 8 ғимарат) тірек-қимыл аппараты (ТҚА) бұзылыстары бар пайдаланушылар үшін бейімделген алты жұмыс орны бар 2 бөлме жабдықталған. Көру қабілеті нашар пайдаланушылар үшін SARA™ CE машинасы (2 дана) кітаптарды сканерлеу және оқу үшін қолжетімді. Кітапхананың веб-сайты нашар көретіндерге бейімделген арнайы NVDA аудио бағдарламасы қызмет көрсетеді. ББАО сайты http://lib.ukgu.kz/ тәулік бойы жұмыс істейді.<br>Оқу процесін ұйымдастыруда және сабақтардың барлық түрлерінде жеке сараланған тәсіл қарастырылған. |

## 2. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

| | |
|---|---|
| БББ мақсаты | Қазіргі еңбек нарығында сұранысқа ие, сыни тұрғыдан ойлайтын, кең ауқымды дүниетаным мен жеке қасиеттерді танытатын, IT-құзыреттілікті игерген журналистика саласындағы бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау. |
| БББ міндеттері | -қоғамдағы әлеуметтік жауапты қызметті қалыптастыру, кәсіби әдеп нормаларының мәнділігін ұғыну және осы нормаларды сақтау;<br><br>- өмір бойына оқыту дағдылары мен шеберліктерін қамтамасыз ету, бұл оларға өздерінің кәсіби мансабының тұтас бойында өзгермелі жағдайларға табысты бейімделуге мүмкіндік береді;<br><br>- дамудың жоғары жалпы интеллектуалдық деңгейін иелену, сауатты және дамыған сөйлеу тілін меңгеру, теледидар, көпшілік қатынас құралдары, көпшілік қызметтері, ұлттық компаниялар, талдау орталықтары саласындағы еңбекті ғылыми ұйымдастыру дағдылары мен ойлау мәдениетін игеру үшін жағдайларды қамтамасыз ету.<br><br>- БАҚ саласындағы түлектердің мамандығы бойынша барынша жылдам жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін қамтамасыз ету үшін олардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру.<br><br>- Сұранысқа ие білім мен дағдыларды қалыптастыру, халықтың әл-ауқатын жақсартуға және тұрақты даму мақсаты аясында планетаны қорғауға саналы көзқарас қалыптастыру үшін жағдайлар жасау. |
| БББ үйлесімділігі | • Қазақстан Республикасының Ұлттық біліктілік шеңберінің 6-деңгейі;<br><br>• 6-біліктілік деңгейінің Дублин дескрипторлары;<br><br>• Еуропалық жоғары білім кеңістігі біліктілік шеңберінің 1-циклі (A Framework for Qualification of the European Higher Education Area);<br><br>• Өмір бойы білім алудың Еуропалық біліктілік шеңберінің 6-деңгейі (The European Qualification Framework for Life long Learning). |

| | |
|---|---|
| БББ кәсіби саламен байланысы | 1.Қазақстан Республикасы мәдениет және ақпарат Министрінің м.а. 2024 жылдың 26 желтоқсанындағы №635 бұйрығымен бекітілген «Газет, журналдар мен мерзімдік басылымдарды басып шығару» кәсіптік стандарты;<br><br>2. Қазақстан Республикасы мәдениет және ақпарат Министрінің м.а. 2024 жылдың 26 желтоқсанындағы №635 бұйрығымен бекітілген «Телевизиялық бағдарламаларды түсіру және трансляциялау қызметі» кәсіптік стандарты;<br><br>3. Қазақстан Республикасы мәдениет және ақпарат Министрінің м.а. 2024 жылдың 26 желтоқсанындағы №635 бұйрығымен бекітілген «Радиохабар» кәсіптік стандарты. |
| Берілетін дәреженің атауы | Білім беру бағдарламасын сәтті аяқтағаннан кейін бітірушіге «6В03220-Журналистика» білім беру бағдарламасы бойынша «әлеуметтік білімдер бакалавры» дәрежесі беріледі. |
| Біліктілік пен лауазымдар тізімі | «6В03220 – Журналистика» БББ бойынша бакалаврлар (ғылыми-зерттеу мекемелерінде, конструкторлық және жобалық ұйымдарда) Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрлігінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы №553 бұйрығымен бекітілген Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының Біліктілік анықтамасындағы біліктілік талаптарына сәйкес жұмыс өтіліне талаптар қойылмастан журналист, редактор, радио және тележүргізуші, корреспондент, репортер, көпшілікпен байланыс бойынша маман, ақпараттық талдаушы, әралуан салалар мен меншік түрі коммуникациялары мен медиа саласындағы маман қызметтерін атқара алады. |
| Кәсіби қызмет саласы | «6В03220 – Журналистика» БББ түлектерінің кәсіби қызмет саласы БАҚ, интернет-ресурстар, ақпараттық қызметтер мен басқармалар, көпшілік қызметтері, коммуникация бөлімдері, шектес ақпараттық-коммуникативтік салалар (PR қызметтер мен басқармалар, баспахана, жарнама агенттігі және т.б.) болып табылады. |

| | |
|---|---|
| Кәсіби қызмет нысандары | «6В03220 – Журналистика» БББ түлектерінің кәсіби қызмет нысандары көпшілік қатысым құралдары, отандық және шет елдік электронды және басылымдық БАҚ, ақпараттық агенттіктер мен жаңалықтар қызметі, баспаханалар мен полиграфиялық кешендер, қоғамдық ұйымдардың көпшілік қызметтері, қоғаммен байланыс бойынша құрылымдар мен бөлімшелер, жарнама агенттіктері, желілік ақпараттық құрылымдар болып табылады. |
| Кәсіби қызмет пәні | «6В03220 – Журналистика» БББ бакалаврының кәсіби қызмет пәні ақпараттар, ақпараттарды жинақтау, қайта өңдеу мен таратуға бағытталған кәсіби қызмет, адамзаттың өзекті мәселелерін қоғамға жеткізу, тану, қарастыру, әралуан қоғамдық жайттарға құзыретті түсінік бере білу және талдау, ақпараттарды басқару, ақпараттық серіктестікті реттестіру, жарнамалық материалдарды жасау болып табылады. |
| Кәсіби қызмет түрлері | «6В03220 – Журналистика» БББ бойынша бакалавр келесі кәсіби қызметтерді атқара алады:<br>● журналистік-авторлық (авторлық бағдарлама)<br>● ақпараттық-шығармашылық (ток-шоу, реалити-шоу)<br>● жобалық-талдағыштық;<br>● ұйымдастырушылық-басқарушылық;<br>● әлеуметтік-ұйымдастырушылық;<br>● кәсіпкерлік қызмет.<br>Түлектер спорттық жарыстар комментаторы, сценарист, радио- және тележүргізуші, журналист, корреспондент (оның ішінде репортерлік зерттеу жүргізуші), телеоператор, жарнама бойынша маман, телемаркетолог, талдаушы-редактор, корректор, баспа ісі маманы, редактор (жалпы бейін), газет редакторы, баспа корреспонденті, газет және журнал редакторы, мемлекеттік ұйымдармен байланыс бойынша үйлестіруші, диктор, радио және телебағдарламалар продюсері, бас администратор, бағдарлама редакторы, инокорреспондент, қоғаммен байланыс бойынша маман, маркетингтік компаниялар талдаушысы, PR-менеджер, бренд-менеджер ретінде кәсіби қызметтерін атқарады. |

| | |
|---|---|
| Оқыту нәтижелері | ОН1 Журналистика мен публицистиканың дәстүрлі және заманауи жанрларын пайдалана отырып, ақпараттық және талдағыштық материалдар даярлау, медиа жобаларды жасаудың отандық және әлемдік тәжірибесінің үздік жетістіктерін пайдалана отырып, әралуан дереккөздерден ақпараттарды құрастыру.<br><br>ОН2 Дүниетанымдық, азаматтық, рухани және әлеуметтік жауапкершілікті, академиялық адалдық пен парасаттылықты қалыптастыру негізінде әлеуметтік-мәдени, этникалық дамуды, ғылыми және эксперименттік зерттеулердің әдістерін көрсету.<br><br>ОН3 Ақпараттық және есептеу сауаттылығына ие болу, сондай-ақ ақпаратты талдау, қорытындылау және қабылдау дағдыларын, мақсат қою және оларға жетудің ең жақсы жолдарын таңдау қабілетін дамыту, тиімділік пен шешім қабылдауды жақсарту үшін жасанды интеллектті пайдалану.<br>ОН4 Қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық құбылыстарды динамикада сыни талдау, заңды және саяси бағыттар мен өзгерістерді қадағалау, жорамалдау, БАҚ саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамалық және басқа да нормативті құқықтық актілерін басшылыққа алу.<br><br>ОН5 Өз жұмысын бағалау, сынды қабылдау, қабылданған шешім үшін өзіне жауапкершілік алу, өз материалдарына жауапкершілікпен қарау, азаматтарды қажетті ақпараттармен қамтамасыз ету мен БАҚ табысты жұмысын ұйымдастыруда кәсіби құқықтарды пайдалану және қорғау.<br><br>ОН6 Ақпараттық деректерді жинау, өңдеу тәсілдерін, қоғамдық құбылыстар мен процестердің даму заңдылықтарын зерттеу, масс-медиа, редакция жұмыстарын жүргізу үшін арнайы теориялық, практикалық дағдыларды жетілдіру; байланыс пен коммуникацияның заманауи техникалық құралдары мен жасанды интелектіні пайдалану.<br><br>ОН7 Журналистік туынды жасау мен шешендік шеберлікті игере отырып, телевизиялық, радио және интернет эфирімен жұмыс істеуде әралуан жанрдағы бағдарламаны даярлау және жүргізу.<br><br>ОН8 PR-акциялар өткізу; медиа жобаның мақсаттары мен міндеттерін, көркемдік шешімдерін талдау; фотобейне элементтерін, визуалды қабылдау заңдылықтарын қолдану; халықаралық журналистік ұжымдарды құру және оларда жұмыс жасау.<br><br>ОН9 Қоғамдық құбылыстардың өзара байланыстарын |

| | |
|---|---|
| | қарастыру, жобалау, қоғамда жүріп жатқан саяси, экономикалық және қаржылық үдерістерді бағалау, БАҚ-та Қазақстан мен шет елдердің саяси қайраткерлерімен әңгіме, сұхбат жүргізу дағдыларын иелену, басқа елдердегі оқиғаларға аңдатпа және түсініктеме бере білу;<br>ОН10 Жаһандық әлемдік даму мәніндегі заманауи әлеуметтік үдерістер мен құбылыстарды талдау, мемлекеттік ұйымдармен, жергілікті басқару ұйымдарымен, кәсіпорындармен, азаматтармен, басқа да көпшілік ақпарат құралдарымен тұрақты байланыс орнату, заманауи қатысымдық технологияны пайдалана білу.<br>ОН11 Демократиялық құқықтық қоғам идеалдары мен құндылықтарын қамту, бизнес-ойлауды жоспарлау және бизнес пен экономика бойынша базалық білімдерді жүйелеу, экологиялық жағдайларды бағалау мен жанды әлемге мұқият қатынасу қажеттілігін түйсіну.<br>ОН12 Мемлекеттік тілде, орыс, шет тілдерінде қатысым жасай отырып, жеке және ұжыммен бірлесіп тиімді жұмыс жасау, өз көзқарасын дәлелдеу, спорттық іс-шараларға, сайыстарға комментаторлық жасау, адамзат мәдениетіне ықпал көрсетудің белсенді тетігі ретіндегі арт-проблематиканы құру және жандандыру. |

## 3. БББ БІТІРУШІ ТҮЛЕГІНІҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІ

ЖАЛПЫ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР (SOFTSKILLS). Мінез-құлық дағдылары және тұлғалық қасиеттер

| | |
|---|---|
| ЖҚ 1. Өзінің сауаттылығын басқару құзыреттілігі | ЖҚ1.1. Таңдаған траекторияда және пәнаралық ортада өздігінен білім алу, өзін-өзі дамыту және білімін үнемі жаңартып отыру қабілеті.<br>ЖҚ1.2. Кәсіби салада ойын, сезімін, фактілер мен пікірлерін айта білу.<br>ЖҚ1.3. Заманауи әлемде ұтқырлық және сыни ойлау қабілеті. |
| ЖҚ 2. Тілдік құзыреттілік | ЖҚ2.1. Мемлекеттік, орыс және шет тілдерінде коммуникациялық бағдарламаларды құра білу қабілеті.<br>ЖҚ2.2. Мәдениетаралық коммуникация және инклюзия жағдайында тұлғааралық әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынас жасау қабілеті. |
| ЖҚ 3. Математикалық құзыреттілігі және ғылым саласындағы құзыреттілігі | ЖҚ3.1. Кәсіби міндеттерді шешуде жоғары оқу орнында математикалық, жаратылыстану-ғылыми, техникалық пәндерді оқу барысында алған білім беру әлеуетін, тәжірибесін және жеке қасиеттерін қолдана білу қабілеті мен дайындығы. |
| ЖҚ 4. Цифрлық құзыреттілік, технологиялық сауаттылық | ЖҚ4.1. Өмірінің барлық салаларында мен кәсіби қызметінде заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгеру және пайдалану арқылы ақпараттық сауаттылығын көрсету және дамыту қабілеті.<br>ЖҚ4.2. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың әртүрлі түрлерін: интернет ресурстарын, ақпаратты іздеу, сақтау, қорғау және тарату бойынша бұлттық және мобильді қызметтерді пайдалану қабілеті. |
| ЖҚ 5. Жеке, әлеуметтік және оқу құзыреттіліктері | ЖҚ5.1. Дене шынықтыру әдістері мен құралдары арқылы толыққанды әлеуметтік және кәсіби іс-әрекетті қамтамасыз ету үшін физикалық өзін-өзі жетілдіру және салауатты өмір салтына бағдарлау қабілеті.<br>ЖҚ5.2. Азаматтық пен адамгершіліктің көрінісі негізінде әлеуметтік-мәдени дамуға қабілеті.<br>ЖҚ5.3 Өзін-өзі дамыту, мансаптық өсу және кәсіби табысқа жету үшін өмір бойы жеке білім беру траекториясын құру қабілеті.<br>ЖҚ5.4. Оқу, жұмыс кезінде, үйде және бос уақытта барлық әлеуметтік-мәдени контексттердің әртүрлілігінде табысты өзара әрекеттесу қабілеті. |
| ЖҚ 6. Кәсіпкерлік құзыреттілік | ЖҚ6.1. Әртүрлі ортада шығармашылық және іскерлік көрсету қабілеті.<br>ЖҚ6.2. Белгісіздік режимінде және тез өзгеретін мақсат жағдайында жұмыс істеу, шешім қабылдау, ресурстарды бөлу және өзінің уақытын басқару қабілеті.<br>ЖҚ6.3. Тұтынушылардың сұраныстарымен жұмыс істеу қабілеті. |
| ЖҚ 7. Мәдени хабардарлық және өз ойын жеткізе | ЖҚ7.1. Дүниетанымдық, азаматтық және адамгершілік ұстанымдарын көрсету қабілеті.<br>ЖҚ7.2. Әлемнің басқа халықтардың салт-дәстүріне, мәдениетіне |

| | |
|---|---|
| Дайындаудың осы бағыты үшін тиісті, арнайы теориялық білімдер және тәжірибелік дағдылар, қабілеттер | КҚ1 – журналистік кәсіптің әлеуметтік, ақпараттық, шығармашылық мәнділігін, оның негізгі сипаттамаларын, журналистің әлеуметтік рөлін, кәсіптік қызметтерін жауапкершілікпен орындауға қажетті тұлға қасиеттерін ұғыну қабілеттілігі;<br>КҚ2 – БАҚ мәтіндерін құрастырушылармен бірлесе жұмыс жасау және жеке жарияланымдарды даярлаудан тұратын көпаспектілі журналистік қызмет мәнін аша білу; дербес және ұжымдық қызмет; мәтіндік және мәтіннен тыс жұмыстар (жобалық, продюсерлік, ұйымдастырушылық) жасау қабілеттілігі;<br>КҚ3 – электрондық немесе қолмен ақпараттық жүйелерді қолдана отырып, деректерді енгізу, жазу, шифрлау және жаңарту дағдыларын меңгерту, журналист жұмысының негізгі отандық және шет елдік стандаттары жөнінде хабардар болу қабілеті,<br>КҚ4 – ақпарат көздерімен жұмыс жасау қағидаларын және оларды жинақтау әдістерін білу (интервью, бақылау, құжаттармен жұмыс), селекция, тексеру және талдау, сондай-ақ прецезионды (нақты) журналистика әдістерін білу қабілеті;<br>КҚ5 – Көпшілік ақпарат ерекшеліктері, журналистік жарияланымдарды жасау үдерісі техникасы мен технологиясы, міндеттері мен әдістері, мазмұндық және құрылымдық-композициялық ерекшелігін ұғыну қабілеттілігі;<br>КҚ6 – БАҚ ақпараттарына қойылатын негізге талаптарды қарастыру (нақтылық, сенімділік, дереккөздерге сілтеме болуы, дәйектер мен пікірлерді шектеу, көзқарастарды ұсынудағы плюрализм және т.б.) қабілеті;<br>КҚ7 – ақпаратты сақтаудың, іріктеудің, ұйымдастырудың, алудың, таратудың және қорғаудың қолмен немесе электрондық жүйелерін құру және басқару дағдыларын меңгерту, журналистика саласындағы ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру негіздерін қалыптастыру қабілеттілігі.<br>КҚ8 – жарнама жасау, сатуды ұйымдастыру, жоспарларды даярлау қабілеті.<br>КҚ9 – көрнекі бейнелер мен дисплейлерді, оқу немесе жарнама материалдарын, көркем дизайндарды немесе перформанстарды жасау және әзірлеу дағдыларын үйрету, жинақталған шығармашылық және мәдени тәжірибені ойша қорыту, жаңа шығармашыл және мәдени білімдер мен дағдыларды иелену, талдау әдістерін тәжірибеде қолдана білу қабілеттілігі. |

## 3.1 БББ бойынша оқыту нәтижелерінің жалпы қалыптасатын құзыреттермен арақатынасы матрицасы

| | ОН1 | ОН2 | ОН3 | ОН 4 | ОН 5 | ОН6 | ОН 7 | ОН 8 | ОН9 | ОН1 0 | ОН11 | ОН12 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| ЖҚ1 | + | | | + | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| ЖҚ2 | | | | | | | | + | | | | |
| ЖҚ3 | | + | | | + | | | | | + | | |
| ЖҚ4 | | | + | | | | | | + | | | |
| ЖҚ5 | + | + | + | | | + | + | | | | | + |
| ЖҚ6 | | + | | | | | | + | | + | + | + |
| ЖҚ7 | | | | | | | | | + | | | |
| КҚ1 | | | | | | | + | | | | + | |
| КҚ2 | | + | | | | + | | | | | | |
| КҚ3 | | | + | | | | | + | | | | |
| КҚ4 | + | | | | + | | | | | + | | |
| КҚ5 | | | | + | | | | | | | + | |
| КҚ6 | | | | | | | | | + | | | + |
| КҚ7 | | + | | | | | | | | | | |
| КҚ8 | | | | | + | | | | | | | |
| КҚ9 | | | | | | | | | + | | | |

## 4. Модульдер мен пәндердің оқыту нәтижелерін қалыптастыруға ықпалы мен еңбек көлемі туралы

| № | Модуль атауы | Цикл | Компонент | Пән атауы | Пәннің қысқаша сипаттамасы | Кредит саны | Қалыптасатын оқыту нәтижелері | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | ОН 1 | ОН 2 | ОН 3 | ОН 4 | ОН 5 |
| 1 | Қоғамдық ғылымдар негіздері/ Основы общественных наук/ Fundumentals of the Public Sciences | ЖБП | МК | Қазақстан тарихы | Пәннің мақсаты - Қазақстанның тарихи дамуының негізгі кезеңдерін, заңдылықтарын және өзіндік ерекшеліктерін терең түсіну және ғылыми талдау негізінде Қазақстан тарихынан объективті білім беру.<br><br>Ежелгі адамдар және көшпелі өркениеттің қалыптасуы. Түркі өркениеті және Ұлы дала. Қазақ хандығы. Жаңа заман дәуіріндегі Қазақстан.Қазақстан кеңестік әкімшіл-әміршіл жүйенің құрамында.Қазақстан тәуелсіздігінің жариялануы. Қазақстан Республикасының  мемлекеттік құрылысы, қоғамдық-саяси даму, сыртқы саясаты және халықаралық қатынастары. Қазақстан тарихындағы оқиғалардың себеп-салдарын талдаудың тарихи суреттеу әдістері мен тәсілдері. | 5 | | v | | v | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 2 | ЖБП | МК | Философия | Пәннің мақсаты – студенттердің философияны дүниені танып-білудің ерекше формасы ретінде түсінуін қалыптастырып, оларға келешек кәсіби қызметтері аясында оның негізгі таараулары, мәселелері мен әдістері туралы тұтас білім беру. Сондай-ақ студенттердің бойында философиялық рефлексияны, өзін-өзі сараптау және адамгершіліктік өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыру.<br><br>Ойлау мәдениетінің пайда болуы. Философияның пәні мен әдісі. Дүниені философиялық түсінудің негіздері: сана, рух және тіл мәселелері. Болмыс. Онтология және метафизика. Таным және шығармашылық. Білім, ғылым, техника және технологиялар. Адам философиясы және құндылықтар әлемі. Этика. Құндылықтар философиясы. Эстетика пәні философиялық білім саласы ретінде. Еркіндік философиясы. Өнер философиясы. Қоғам және мәдениет. Тарих философиясы. Дін философиясы. «Мәңгілік Ел» және «Рухани жаңғыру» – жаңа Қазақстан философиясы. | 5 | v |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 3 | Әлеуметтік-саяси білімдер/<br><br>Социально-политические знания/<br><br>Socio-Political knowledges | ЖБП | МК | Әлеуметтану және саясаттану | Мақсаты - қоғамдық-саяси қызмет туралы білімдерін қалыптастыру, қоғамдық-саяси процестер мен құбылыстарды түсіндіру.<br><br>Қоғамның әлеуметтік-этикалық құндылықтар жүйесін қарастыру. Әлеуметтік, саяси, мәдени, психологиялық институттарды, жастар саясатының ерекшеліктерін қазақстандық қоғамның жаңғыруында пайдалану және олардың негізінде қоғамдағы, кәсіптік ортада қақтығыстық жағдайларды шешу жолдары.<br><br>Саяси институттар мен процестерді, саясат, билік, мемлекет және азаматтық қоғам туралы идеяларды талдау және түсіндіру әдістерін зерттеу, әлеуметтанулық, салыстырмалы талдау әдістері мен әдістерін түсіну және қолдану, қазіргі әлемдегі саяси жағдайдың мәні мен мазмұнын түсіну.Негізгі саяси институттарды талдау және жіктеу.<br>Әлеуметтену, сәйкестілік және девианттық мінез-құлық: инклюзивті көзқарастың рөлі. | 4 | v |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 4 | ЖБП | МК | Мәдениеттану және психология | Мақсаты: тарих, қазіргі тенденциялар, мәдениет пен психологияны дамытудың өзекті мәселелері мен әдістері туралы ғылыми білімдерін, психологиялық құбылыстарды жүйелі талдау дағдыларын қалыптастыру.<br><br>Мазмұны: Мәдениеттің морфологиясы, тілі, семиотикасы, анатомиясы. Көшпелілер, прототүркілер, түріктер мәдениеті. Орталық Азияның ортағасырлық мәдениеті. XVIII – XIX ғасырлар тоғысындағы қазақ мәдениеті, XX ғ. Қазақстанның мәдени саясаты. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы. Ұлттық сана, мотивация. Эмоциялар, интеллект. Адамның еркі, өзін-өзі реттеу психологиясы. Жеке типологиялық ерекшеліктері. Құндылықтар, мүдделер, нормалар рухани негіз болып табылады. Өмірдің мәні, кәсіби өзін-өзі анықтау, денсаулық. Жеке тұлға мен топтың қарым-қатынасы. Әлеуметтік-психологиялық конфликт. Қақтығыс кезіндегі мінез-құлық үлгілері. Қазіргі қоғамның әлеуметтік-психологиялық негіздері және инклюзивті мәдениетті дамыту; Мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың психологиялық ерекшеліктері мен кәсіби бейімдеу жағдайлары; |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Мүмкіндігі шектеулі жандарды әлеуметтік интеграциялау жолы ретіндегі психологиялық қолдау мен толеранттылық; Қазіргі қоғамдағы қалыпты және даму бұзылысына ие тұлғалардың өзараәрекеттестігіндегі әлеуметтік- психологиялық кедергілер . | 4 | v |
| 5 | Әлеуметтік-этникалық даму / Социально-этническое развития/ Socio-ethnic Development | ЖБП | ЖК | Экожүйе және құқық | Мақсаты: Экономика, құқық, антикоррупциялық мәдениет, экология және тіршілік қауіпсіздігі, кәсіпкерлік, ғылыми зерттеулер әдістері саласында интеграцияланған білімді қалыптастыру.<br>Мазмұны: Адам мен табиғаттың қауіпсіз өзара іс-қимылының, экожүйелер мен биосфераның өнімділігінің негіздері. Инклюзия – халықаралық заңнамалар стратегиясы. Ресурстардың шектеулілігі жағдайындағы қоғамның кәсіпкерлік қызметі, бизнес пен ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру. Экология және адам тіршілігінің қауіпсіздігі саласындағы қатынастарды реттеу. Қазақстандық құқықты, субъектілердің міндеттері мен кепілдіктерін білу, әлеуметтік прогресті қамтамасыз ету үшін қоғамдық қатынастарды мемлекеттік реттеуді білу және сақтау. Ғылыми зерттеулер | 5 | v |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | әдістерін қолдану. Жасанды интеллекттің құқықтық негіздері. | | | |
| 6 | | БП | ТК | Абайтану | Мақсаты: А.Құнанбайұлы арқылы «Қазақтану» жобасындағы «ұлтық кодты» сақтау мен дәріптеу<br>Мазмұны: XIX-XXғ. Қазақстан тарихына, қазақ әдебиетіне тарихи шолу жасау.<br>Абайтану саласының дамуындағы XX-XXI ғасырдың абайтанушылардың еңбектері. Абайдың шығармашылығының хронологиясы. Абай - қазақ халқының ұлы ақыны, этнограф, қазақ жазба әдебитінің негізін салушы. Абай - «Қарамола Ережесі» заңдар жинағының құрастырушысы, қоғамдық маңыздылығы. Абай - ойшыл, дінтанушы, философ.<br>Абай білім және ғылым саласындағы рөлі, «Толық адамды» қалыптастыру идеясы. Абайдың аудармалары, поэмалары, «Қарасөздері», «Абай жолы» роман-эпопея. Қ.Тоқаев «Абай және Қазақстан XXI ғасырда» маңыздылығы. | 3 | v | |
| 7 | | БП | ТК | Қаржылық сауаттылық негіздері | Пәннің мақсаты – қаржылық әл-ауқатқа жету үшін маңызды болып табылатын жеке және отбасылық қаржылық ресурстарды зерттеу.<br>Пәннің мазмұны. Қаржылық жоспарлау және тұтынушылардың қауіпсіздігі. Ақшаны тиімді жұмсаудың және үнемдеудің негізгі әдістері мен тәсілдері. Жеке қаржылық ресурстарды қорғау және | | | v |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | инвестициялау. Жеке қаржының рөлі мен маңызы, оның қаржылық тұрақтылыққа қол жеткізудегі мүмкіндіктері. Көптеген күмәнді қаржылық ақпаратты сүзгілеу. Жауапкершілікті өз бетінше басқаруға ынталандыру және тұтынушының оңтайлы қаржылық мүмкіндіктері. Кәсіби мансап құру кезінде сауатты қаржылық шешімдер қабылдау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекетте жасанды интеллектіні қолдану. | |
| 8 | БП | ТК | Мұхтартану | Мақсаты: М.Әуезовтің әдеби-тарихи шығармашылығы туралы әдебиет тарихымен патриоттық және мәдени-рухани ұстаным негізінде түсінік қалыптастыру. Шығармашылық ойлауын, өзіндік зерттеу дағдысын дамыту.<br><br>Пән мазмұны:М.Әуезовтің Семей, Ташкент, Санкт-Петербург кезеңіндегі өмірі мен шығармашылық жолы. «Шолпан», «Абай» журналдарындағы М.Әуезовтің қызметі. М. Әуезовтің публицистикасы. «Қорғансыздың күні», «Қыр суреттері», «Оқыған азамат», «Көксерек» әңгімелеріне, «Еңлік-Кебек» пьесасына, «Қилы заман», «Қараш-қараш» оқиғасы» повестеріне, «Абай Құнанбаев» монографиясына, «Абай жолы» роман-эпопеясына шолу жасау. | v |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 9 | БП | ТК | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері | Мақсаты: сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды, тұлғаның берік адамгершілік негіздерін, азаматтық ұстанымын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлықтың орнықты дағдыларын қалыптастыру.<br><br>Мазмұны: Құқықтық нигилизмді еңсеру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама саласында білім алушылардың құқықтық мәдениетінің негіздерін қалыптастыру. Сыбайлас жемқорлыққа саналы көзқарасты қалыптастыру. Сыбайлас жемқорлық мінез-құлқынан, сыбайлас жемқорлық моралінен, этикасынан адамгершілік тұрғыдан бас тарту. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл үшін қажетті дағдыларды игеру. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық стандартын жасау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы насихаттау, заңдылық, заңға құрмет идеяларын тарату. Сыбайлас жемқорлықтың табиғатын түсінуге, оның көріністерінен әлеуметтік шығындарды сезінуге, өз ұстанымын дәлелді қорғай білуге, сыбайлас жемқорлықтың көріністерін еңсеру жолдарын іздеуге бағытталған қызмет. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда жасанды интеллектті қолдану. | v |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 10 | | БП | ТК | Жасанды интеллект негіздері | Мақсаты – AI-Sana бағдарламасының басымдықтарын ескере отырып, жасанды интеллект құралдары мен әдістерін практикалық қолдану және білімді пайдалану саласында құзыреттіліктерді қалыптастыру. Мазмұны: Жасанды интеллектке (AI) кіріспе. Практикалық дағдылар мен дағдыларды дамыту: AI құралдарын қолдану; үлкен тілдік модельдермен (LLM) жұмыс істеу; кодсыз жасанды интеллект платформаларын пайдалану; генеративті жасанды интеллект құралдары; кескінді тану; табиғи тілді өңдеу (NLP); AI көмегімен деректерді визуализациялау. Әртүрлі салаларда AI қолдану туралы түсінікке ие болу; AI-sana бағдарламасының тәсілдерін интеграциялау арқылы AI әлеуетін ашу. | |
| 11 | Коммуникация және дене мәдениеті / Коммуникаций и физичес кой | ЖБП | МК | Қазақ (орыс) тілі | Мақсаты: қазақ (орыс) тілінде қоғамдық өмір және әлеуметтік-мәдени, кәсіби салаларында коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырып, академиялық мәтіндер жазу қабілетін жетілдіреді.<br><br>Мазмұны: A1, A2, B1, B2-1, B2-2 (B2, C1 орыс тілі) деңгейлері халықаралық стандарттағы қарым-қатынас аясынан, тақырыптардан, тақырыпшалардан және типтік жағдаяттарынан тұратын когнитивтік-лингвомәдени кешендер: әлеуметтік тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени, | 10 |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | культуры/ Communication and Physical Training / | | | | кәсіптік білім беруде үлгіленген формалар бойынша ауызша және жазбаша қарым-қатынас, жазбаша сөйлеу жұмыстары, тыңдалым түрінде ұсынылған. Білім беру бағдарламасы бойынша мәтіндердегі тілдік материалды түсінгенін көрсету, терминологияны білу және сын тұрғысынан ойлауды дамыту. | | |
| 12 | | ЖБП | МК | Шетел тілі | Мақсаты – А2 жеткілікті деңгейінде және В1 базалық жеткіліктілік деңгейінде шет тілін оқыту үдерісінде студенттердің мәдениетаралық және коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру. Егер бастапқыда тіл деңгейі жалпы еуропалық құзыреттілік В1 деңгейінен жоғары болса, студент жалпы еуропалық құзыреттің В2 деңгейіне жетеді..<br><br>Мазмұны. А1, А2, В1, В2 деңгейлері халықаралық стандарттағы қарым-қатынас аясынан, тақырыптардан, тақырыпшалардан және типтік жағдаяттарынан тұратын когнитивтік-лингвомәдени кешендер: әлеуметтік тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени, кәсіптік білім беруде үлгіленген формалар бойынша ауызша және жазбаша қарым-қатынас, жазбаша сөйлеу жұмыстары, тыңдалым түрінде ұсынылған.Білім беру бағдарламасы бойынша мәтіндердегі | 10 | v |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | тілдік материалды түсінгенін көрсету, терминологияны білу және сын тұрғысынан ойлауды дамыту. | | |
| 13 | ЖБП | МК | Дене шынықтыру | Мақсаты: кәсіби қызметке дайындалу үшін денсаулықты сақтауды, нығайтуды қамтамасыз ететін дене шынықтыру құралдары мен әдістерін мақсатты түрде пайдалану қабілеттілігі мен әлеуметтік-жеке құзыреттіліктерін қалыптастыру; болашақ еңбек қызметінде физикалық жүктемелердің, жүйке-психикалық стресстердің және қолайсыз факторлардың тұрақты төзімділігіне.<br><br>Дене шынықтыру - сауықтыру және жаттығу бағдарламаларын іске асыру. Жалпы дамыту және арнайы жаттығулар кешені. Спорт түрлері (гимнастика, спорттық және ашық ойындар, жеңіл атлетика және т.б.). Сабақ процесінде бақылау және өзін-өзі бақылау, сақтандыру және өзін-өзі сақтандыру. Жарыстардың төрешілері, кәсіптік-қолданбалы дене шынықтыру даярлығының құралдары. Қазіргі заманғы сауықтыру жүйелері: А. Стрельникова, к. Бутейко, К. Динейки бойынша тыныс алу жүйесі, Бубновский бойынша бірлескен гимнастика. | 8 | v |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 49 | БП | ТК | Медиапсихология | Пәннің мақсаты: қоғамда болып жатқан психологиялық үдерістердің ерекшеліктерін, журналистік шығармашылық басымдықтарын, бұқаралық ақпарат құралдарындағы мәтіндерді құру және қабылдау барысын түсіну дағдыларын қалыптастыру.<br>Пәннің мазмұны: Білім алушылардың қоғамдағы қарым-қатынас негізінде жатқан психологиялық заңдылықтар туралы жүйелі түсініктерін қалыптастырады. Философия, әлеуметтану, журналистика теориясы, әлеуметтік психология пәндерінің тұжырымдамалық аппараты мен терминдерін кеңінен қолданады. Студенттердегі медиапсихология жөніндегі, оның пәндік саласы, зерттеу қағидалары мен бағыттары жөніндегі ғылыми ұғым-түсініктерін қалыптастыру. Массмедиа жүйесі, оның рөлі, функциясы, заманауи әлемдегі түрлері жөніндегі біртұтас ұғым-түсініктер құру. Медиапсихология саласындағы заманауи зерттеулердің жетістіктерін талқылау. Студенттерді массмедиа эффектілерін зерттеудің негізгі әдістері мен әдістемесімен | v |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | таныстыруды жүзеге асыру. | | |
| 50 | БП | ТК | Көркем публицистикалық журналистика | Пәннің мақсаты: Көркем публицистика жанрларының ерекшеліктерін меңгерту, мәтіннің мазмұнына, жазылу стиліне, деректерді іріктеп, сұрыптау немесе жинақтап, талдау ыңғайына, тілдік-стильдік әдісіне қарай айқындауды үйрету. Ақпарат жазу тәжірибесін меңгертуде болашақ журналистердің құзіреттіліктерін қалыптастыру.<br><br>Пәннің мазмұны: көркем публицистика жанрлары бойынша белгілі бір оқиғаларды, құбылыстарды нақты деректер мен мәліметтерді анықтау, хабарлау, тарату, талқылау, қорыту дағдыларын игертеді. Деректер мен оқиға желісін көркем-публицистикалық тұрғынан ашып, журналистік шеберлікті жетілдіреді. Ерекше мамандық ретіндегі журналистиканың мәні мен ерекшеліктері жөніндегі, білімдер мен шеберліктерді қалыптастыру жолдары жөніндегі, оқу үдерісін ұйымдастыру, әдебиеттермен өз бетінше жұмыстың тиімді тәсілдері жөніндегі мәліметтерді ұсыну. Әлеуметтік институт ретіндегі журналистиканың қызмет етуінің жалпы заңдылықтарын қарастыру. Әрбір БАҚ әлеуметтік ұстанымын | 4 | v |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | ескере отырып, аудиторияның әралуан топтарына есептелген көпшілік ақпараттарын жинақтау, сұрыптау, ықшамдау, талдап қорыту, тарату. |
| 51 | БП | ТК | Бұқаралық коммуникация және халықаралық қатынастар | Пәннің мақсаты: Білім алушылардың бойында халықаралық қатынастар мен журналистиканың өзара байланысы үрдісін жүйелі, кешенді түрде қалыптастыру, халықаралық қатынастар мен шетел журналистикасында болып жатқан үрдістер мен мәселелердің маңыздылығын түсінуге үйрету, әлемнің ірі елдеріндегі коммуникациялық байланыстар жүйесінің дереккөздерімен таныстыру. <br><br> Пәннің мазмұны: Халықаралық қатынастар мен сыртқы саясат тарихындағы негізгі кезеңдер мен даму заңдылықтарын қарастырады. Қазіргі жаңа ақпараттық технология үлгілерімен таныстырып, олардың әрқайсысының жеке ерекшелігін анықтауға мүмкіндік алады. Сонымен қатар әлемнің ірі елдері мен ауқымды аймақтары тарихындағы негізгі оқиғаларға назар аударады. Шығармашылық ізденістер журналист кәсібінің негізі екендігін көрсету. Шеберлік мәселесінің, |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | қоғамның барлық саласын қамтитын журналистикадағы алар орны ерекшелігін ұғындыру. Заман талабына сай білімдерін толықтыру, жаңарту. Жаңалық жаршысы – журналистика өзгеден оқ бойы озық тұруын, болашақты болжай алуын, қоғамдық пікірді дұрыс қалыптастыруын көздеу. | | |
| 52 | БП | ТК | Журналистік зерттеу әдіснамасы | Пәннің мақсаты: журналистиканың қоғамдағы ролін, ақпараттық қызметтің табиғатын, журналистика функциясы мен принциптерін, оның пәрменділігі мен тиімділігін айқындау.<br><br>Пәннің мазмұны: журналистика құбылыстарын қоғам үдерісімен тығыз байланыста ұғындырады, журналистік шеберліктің алғашқы сатысын меңгерте отырып, жүйелі, мақсатты таратылған ақпараттың қоғамдық пікірге әсерін, журналистік қызметтің ерекшеліктерін нақты сипаттайды. Ғылыми зерттеу үшін эмпирикалық ақпараттарды зерттеу, жинақтау және өңдеу әдістерін таңдау мен пайдалану бойынша тәжірибелік дағдыларын игерту. Ғылыми зерттеу міндеттерін құрылымдандыру мен мақсаттарды анықтау, зерттеу жорамалдарын тұжырымдау бойынша дағдыларды игерту. Алынған нәтижелерді ұсыну | 5 | v |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | дағдыларын қалыптастыру. | |
| 53 | БП | ТК | Фактчекинг әдіснамасы | Пәннің мақсаты: Сенімді ақпарат көзі ретінде брендтің, компанияның, жаңалықтар ресурсының беделін қалыптастыру. Интернеттегі қате дәйектер мен түсініктердің таралуын болдырмау, қоғамдағы жалған ғылым мен толқулардың деңгейін төмендету. Нақты деректердің сенімділігі мен дұрыстығын анықтау мақсатындағы тексеру.<br><br>Пәннің мазмұны: Фактчекинг – саяси айла-амалды, өзекті әлеуметтік тақырыптарды көтеріп, өз мақсатында пайдалануды көздегендерді әшкерелейді. Фактілерді алдын-ала тексеру жарияланғанға дейін жүзеге асырылады және қателерді, дәлсіздіктерді, даулы деректерді жояды. Пән білім алушыларды медиа өнімдердің жеке және топтық жұмыс дағдыларын игеруге қалыптастыру. Студенттерді аппараттық және бағдарламалық технологиялармен жұмыс істеуге үйрету. Білім алушылардыжаңа бағдарламалық технологиялармен жұмыс жасау, әлеуметтік тақырыптардағы түсініксіз жайттар мен шындықты бейнелеудің тиімді әрі жарқын құралы ретіндегі шынайы ой-ниеттерді қарастыруға | v |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | үйрету. Фактчекинг қағидаттарын түсінуді, ақпаратты верификациялауды және тергеу жобаларының логикасын жүйелеу. | | |
| 54 | КП | ЖК | Өндірістік практика I | Іс-тәжірибенің мақсаты: Білім алушылар іс-тәжірибеден өтетін ұйымдардың жұмысын зерделеу негізінде теориялық білімді жүйелеу, жалпылау және тереңдету, тәжірибелік дағдыларды, жалпы мәдени, кәсіби құзыреттіліктер мен кәсіби бейінді қалыптастыру, білім алушылардың оқу үдерісінде алған білімдерін бекіту.<br><br>Іс-тәжірибенің мазмұны: Білім алушылардың ақпараттарды жинақтау, талдау, болжау және есептеу, коммуникативтік ақпаратты талдау қабілеттілігі мен ұйымдастыру және басқару қызметіндегі дағдыларын, кәсіби қызметтердегі құқықтық және этикалық нормаларды ұстану қабілеттілігін дамытады. Базалық пәндер бойынша алынған теоретикалық білімдер нығайту, тереңдету. Даярлау бағыты бойынша өз бетінше жұмыстың кәсіби дағдылары қалыптастыру. Маманның жұмыс түрлерін және әдістерін игеру мен журналист қызметін іске асыру тәжірибесін жүзеге асыру. | 4 | v |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 55 | Ғылыми зерттеу негіздері/ Основы научных исследований/ / Fundamentals of scientific research | КП | ТК | Журналистика және заң | Пәннің мақсаты: Журналистиканың құқықтық негіздерін оқыта отырып, студенттерді құқық тақырыбына жазуға бейімдеу, осы саладағы күрделі құбылыстардың қыр-сырын аша білуге үйрету.<br>Пәннің мазмұны: Журналистика мен заң негіздерінің Қазақстандағы даму кезеңдерімен таныстырады, заң функциялары мен маңызын түсіндіреді, журналистік айғақтаманың журналистік зерттеудегі өзіндік орнын анықтайды. Журналистикадағы, әрбір жеке журналист жұмысындағы адамгершілік қағидалар мен құндылықтар орны жөніндегі ұғым-түсініктерді қалыптастыру. Журналистік корпустың өкілдерінің іс-әрекеттерін реттестіретін негізгі құжаттарды қарастыру. Тұлға, қоғам мен мемлекет қызығушылықтарының тепе-теңдігін қамтамасыз етуге бағытталған көпшілік ақпараттары саласындағы құқықтық реттестіру қағидалары мен нормаларын кешенді ұғынуды қалыптастыру. Тұлғаны азаматтық тәрбиелеуді жүзеге асыру. | 5 | v |
| 56 | | КП | ТК | БАҚ-дағы әлеуметтік экология | Пәннің мақсаты: Қазақ баспасөзі беттеріндегі экологиялық проблемалар туралы жазылған материалдар талдау. Пәнді оқу арқылы білім алушыларға экология жайында беймәлім деректер мен мәліметтерді игерту. | | v |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Пәннің мазмұны: Биосфера тұрақтылығын сақтау үшін экология бойынша әралуан жұмыстардың жүйесін құрайды, экологиялық тұрғыдан сауатты журналист мамандарды даярлау жұмысын жүзеге асырады. | | |
| 57 | БП | ТК | Басылымды редакторлық даярлау | Пәннің мақсаты: Алуан түрлі басылымдарды басуға даярлау және жарыққа шығарудың әдістері мен амалдарын үйрету. Басылымды сараптау, түзету, көркемдік-техникалық безендіру, теориялық және тәжірибелік қағидалар мен ережелерді қолдану мүмкіндіктерін қарастыру.<br><br>Пәннің мазмұны: Басылымның жобасын және моделін, тұжырымдамасын дайындау әдістерін көрсетеді, бәсекеге қабілетті, өтімді, тиімді басылым ойластыру, табу, жасау, құрастыру машықтарын дамытады. Автормен жұмыс істеу мәдениетін арттырады, басылымды техникалық безендіру дағдысын қалыптастырады. Фольклор тарихындағы, ауызша және жазбаша әдебиеттердегі «ақтаңдақтарды» жою, қатаң социологиялық иллюстративтілікті жеңу мен қазақ халқының рухани мұраларын толық көлемде іске асыру мен қалпына | 4 | v |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | келтіруді жүзеге асыру. Шығармашылықтың түпнұсқалық еркіндік ахуалын құру, мемлекеттік цензура алмастыру, партиялық бақылау еркінен құтылуды іске асыру. |
| 58 | БП | ТК | Монтаж бен видеодыбыс негіздері | Пәннің мақсаты: Бейнебақылау және монтаждау негіздерімен таныстыру, оны көрнекі түрде көрсету дағдысын қалыптастыру. Бейнеролик жасауды меңгерту. Дыбыс пен мәтінді кіріктіруді меңгертіп, оны бейнефильм ретінде сақтауды  үйрету.<br><br>Пәннің мазмұны: Бейнелерді және дыбыстарды монтаждайды, редакциялайды. Дайын фильмге қосылатын бейнені немесе дыбысты таңдайды. Windows Movie Maker бағдарламасы арқылы бейнемонтаж жасайды. Монтаж жасау арқылы дыбыс әсерлерін қосады. Видеодыбыстарды монтаждау студиядағы технологиялық құралдар арқылы жүргізілетінін түсіндіру. Монтаждау барысында дыбыстың пайда болуына байланысты бейне мен сөздің, музыка мен шудың үйлесімділігін меңгеру. Оның кино өндірісіндегі классикалық үлгісі негіз ретінде алынатындығын көрсету. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 59 | КП | ТК | Конвергентті журналистика | Пәннің мақсаты: Қазақстандық телеарналардың, дәстүрлі медианың және ақпараттық порталдардың конвергенттік өзгешеліктерін зерттеу, сондай-ақ, құрылымын, бағытын, аудиториясын, контентін анықтау.<br><br>Пәннің мазмұны: Бұқаралық ақпарат құралдары конвергенциясы конвергентті журналистиканы қазіргі журналистік қызметтің жаңаруының негізгі факторына айналдыра отырып, жаңа өндірістік медиақұрылымдарды енгізу мен қалыптастыруды, инновациялық модельдерді шығаруды көздейді. Студенттерге конвергентті журналистиканы сипаттайтын негізгі ұғымдарды түсіндіру. Студенттерде қазіргі заманауи конвергентті журналистиканы дамыту заңдылықтары жөніндегі жүйелі ұғым-түсініктерді қалыптастыру. Ақпараттық қызметтің әралуан субьектілерінің кәсіби мәдениетінің мәнін ұғынумен байланысты білімдерді игерту. Қазақстандық және әлемдік БАҚ тарихи, заманауи тәжірибесі мәніндегі журналистиканың негізгі әлеуметтік қызметін, көпшілік қатысым құралының жүйесі ретіндегі БАҚ рөлін көрсету. | 6 | v |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 60 | КП | ТК | Медиадизайн | Пәннің мақсаты: болашақ журналистер мен қоғаммен байланыс мамандарын қазіргі заманғы дизайнерлік технологиялармен таныстыру, дизайнды жасаудың негізгі қағидаларын меңгеруіне көмектесу, теоретикалық білімін толықтыру және нақты тәжірибеден өткізу.<br><br>Пәннің мазмұны: шығармашыл сипатта дизайн жасау қағидаларын үйретіп, шығармашылық қызметте үйлесімді туынды жасауға дағдыландырады, компьютерлік бағдарламаларды меңгертіп, медиа өнімді безендіру элементтерін, әріпті, эмблемаларды жасауды үйретеді. | | v | |
| 61 | КП | ЖК | Өндірістік практика II | Іс-тәжірибе мақсаты: Білім алушылардың оқу үдерісінде алған теориялық білімдері мен біліктерін, дағдыларын іс-тәжірибе барысында бекіту, оларды тереңдету және кәсіби қызметтегі тәжірибелік жұмыс дағдыларын дамыту, сондай-ақ біліктілік сипатына сәйкес кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру.<br><br>Іс-тәжірибенің мазмұны: Өндірістік іс-тәжірибе жоғары білікті және кәсіби тұрғыда құзыретті мамандарды дайындайды. Жоғары оқу орындарындағы оқу үдерісінде алған | 6 | | v |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | білімдерді бекітуге арналған дағдыларды, машықтар мен құзыреттіліктерді меңгертіп, озық тәжірибені дамытады. Базалық пәндер бойынша алынған теоретикалық білімдерін нығайту, тереңдету. Даярлау бағыты бойынша өз бетінше жұмыстың кәсіби дағдыларын қалыптастыру. Маманның жұмыс түрлерін және әдістерін игеру мен журналист қызметін іске асыру тәжірибесі жүзеге асыру. | | |
| 62 | Әдебиет және журналистика/ Литература и журналистика/ LiteraturaandJournalism | БП | ТК | Дата журналистика | Пәннің мақсаты: Журналистік еңбек үдерісінде жаңа технологияларды қолдану, сандық дәуірдегі ақпараттарды өңдеу тәсілдерін үйрету. Ақпарат таратудағы сандық деректердің артуын ұғындыру. Журналистиканың дизайн, информатика, статистика сияқты салалармен байланыстылығын дәлелдеуді үйрету.<br><br>Пәннің мазмұны: Мәліметтерді визуалдандырады, яғни мәліметтерді қайта түзіп, графикалық формада ұсынады. Деректерді сүзгіден өткізеді, сұрыптайды, іздестіреді. Ақпараттардың ауқымды көлемін хабарлайды және оларды графикалық өріске жүктейді. Мәліметтер мәнділігін, олардың мәнмәтінмен ұқсастығын айқындайды. Мәліметтерді визуализациялау, яғни | 5 | v |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | мәліметтерді қайта түзу және графикалық формада ұсыну. Мәліметтерді шектеулі нақты формада жүзеге асыру, мәліметтер тобы арасындағы өзаратәуелділікті іске асыру. Сүзгіден өткізу, сұрыптау, мәліметтерді іздестіру. Ақпараттардың ауқымды көлемін хабарлау және оларды графикалық өріске жүктемеу, оны қабылдау үшін күрделендіру. Қоғамдық мәні бар ақпараттарды адамға қолжетімсіз тілден ұғынықты формаға өткізу. Мәліметтер мәнділігі, олардың мәнмәтінмен ұқсастығын айқындау. | |
| 63 | БП | ТК | Масс-медиа және жарнама | Пәннің мақсаты: Жарнаманы құрудағы кәсіби әдістер мен тәсілдерді меңгерту, әралуан бұқаралық ақпарат құралдарында, ақпараттық-публицистикалық шығармашылықтың әртүрлі жанрлық формаларында жарнаманы қолдану ерекшеліктерін игерту.<br><br>Пәннің мазмұны: Бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарнаманы әртүрлі қағидалар бойынша топтастырады, баспасөзде, радиода, теледидарда және Интернет желісіндегі жарнамалардың ерекшеліктерін түсіндіреді, әр түрлі бұқаралық ақпарат құралдарына арнайы мәтіндер құрастырады, жарнамалық | v |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | кампанияларды ұйымдастырады. Масс-медиа саласындағы маңызды жаңашыл тәжірибе, конвергенция үдерістері мәніндегі медиасаланы дамытудың негізгі әлемдік бағыттары мен беталыстарын талдау. Көпшілік ақпаратты өндіру үдерісінде аудиториямен өзара әрекеттестіктің жауаптастық түрлерін жандандыруға бағытталған технологияны жүйелеу. Масс-медиа мен әралуан жанр түрлеріне байланысты әртүрлі таңбалық жүйелерді пайдалана отырып, материалды шұғыл даярлаудың тиімді тәсілдерін талдап, қорыту. Медиа мен коммуникациядағы жасанды интеллект. | | |
| 64 | БП | ТК | Қоғамдық мәселелер және БАҚ | Пәннің мақсаты: Әлемдік өркениетті, мәдениетіміз бен ұлттық құндылықтарымызды танытудағы БАҚ рөлін айқын көрсету. Қазақстанның әлемдік өркениеттегі экономикалық, мәдени және әлеуметтік жағынан дамуы үшін оларды танытатын БАҚ маңызын арттыру мәселелерін меңгерту.<br><br>Пәннің мазмұны: Бұқаралық ақпарат құралдарының билік жүйесіндегі орнын айқындап, оның саяси үдерістегі рөлін бағалайды. Заманауи электронды ақпараттық құралдарға | 6 | v |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | дағдыландырады. Теледидар, радио, мерзімді баспасөз және интернет сайттарымен жұмысты меңгертіп, жаңа медиа мен ақпараттық технологиялар арқылы ақпарат жинақтауға дағдыландырады. Заманауи журналистиканы дамытуды қалыптастыру. Ақпараттық нарық, ақпараттық менеджмент құрылымымен, көпшілік ақпарат құралдары типологиясымен, экономикалық теория мен менеджмент негіздерімен, талдау, сыни ойлау, зерттеудің әдіснамалық тәжірибесі дағдыларын игеруді іске асыру. Дәйектерді талдау, теоретикалық ережелерді талдау. | |
| 65 | БП | ТК | Бұқаралық ақпарат құралдары тілі және ҒЗЖ | Пәннің мақсаты: Жалпы ақпараттарды жинап, өңдеп, көпшілікке ұсыну. Қоғамдағы құбылыстарға, оқиғаларға байланысты белсенді ұстанымға ие болып, оған көпшілік қауымды жұмылдыру. Ақпараттың тиімді, қолайлы және қолжетімді болуын көздеу. Көпшіліктің бірдей және тұрақты ақпарат алып отыруына мүмкіндік туғызу.<br><br>Пәннің мазмұны: Арнайы техникалық құралдардың көмегімен жұртшылыққа ақпараттарды ашық жариялайды. Бұқаралық ақпарат | v |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | құралдарының қызметі азаматтарға, билік органдарына, қоғамдық институттарға аса маңызды жалпы оқиғалар, құбылыстар, үдерістер жайлы мағлұматтарды таратудан тұрады. Коммуникацияның нақты каналдарындағы әдеби тіл нормаларын сипаттау. Әралуан функционалды-стилистикалық мәртебе медиа тіліндегі нормаларды қолдану саласын анықтау. Көпшілік ақпараты мәтіндерін қарастыру әдістерімен таныстыруды жүргізу. Қатысымдық шеберліктерді дамыту. Ырғақты тұлға, сөйлеу мәдениеті нормаларын еркін игерген тұлғаны қалыптастыру. Сауаттылықты жетілдіру, ақпараттарды қорыту, талдау, және қабылдау, мақсат қою мен оған қол жеткізу жолдарын таңдау шеберліктерін игерту. | | |
| 66 | Журналистиканың салалары /Отрасли журналистики/ Branchesof Journalism | КП | ТК | Іскерлік журналистика | Пәннің мақсаты: Білім алушылардың өз бетінше мәтіндерді құрастыру мен түзету, талдау, бағалау дағдыларын дамыту, ақпарат көздерімен өзара әрекеттесудің тұрақты дағдыларын қалыптастыру.<br><br>Пәннің мазмұны: Журналист, корреспондент, редактор ұстанымында сапалы медиа экономикалық және саяси бағыттағы жұмыс үшін қажетті теоретикалық | 6 | v |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | білімдерді игертеді. Бизнес-журналистика, Масс-Медиа (БАҚ), мақала жазу, репортаж даярлау, іскери қарым-қатынас пен редакциялауды даярлау дағдыларын жетілдіру. Бизнес саласындағы жаңа буындағы студенттер мен журналистерді даярлау, қазақстандық және халықаралық компаниялардың үздік тәжірибелерін есепке ала отырып, бизнес-журналистика құрылымымен таныстыру әдістерін әзірлеу. |
| 67 | КП | ТК | SMM-журналистика | Пәннің мақсаты: Ақпаратпен жұмыс істеу, фактілерді табу, зерттеу, таңдау, талдау, салыстыру, бағалау дағдыларын дамыту. Журналистің жұмысына қажетті кәсіби құрылғылармен және жабдықтармен жұмыс істей білу, БАҚ туралы заңды білу және оны пайдалану машықтарын, кәсіби этиканы, әдептілікті қалыптастыру.<br><br>Пәннің мазмұны: Әлеуметтік медиа өнімдері мен қызметтерін ілгері жылжытады, әлеуметтік топ пен компанияның маркетинг саласы арасында диалог жүргізеді. Қазіргі Интернет-медиа ақпараттарын оқырманға жеткізудің мәтін, видео, фото, аудио секілді түрлі форматтарын ұсынады. SMM әралуан әлеуметтік |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | желілерде белсенділік көрсету дағдысын; мәтінмен жұмыс жасау дағдысын; сауатты жазып, сайт пен жеке блогты жүргізу дағдыларын қалыптастыру. Интернеттегі контент ерекшеліктерін білумен қатар, маркетингке –хабарламаларды тиімді тарату мен аудиторияны басқару қабілетіне үйрету. Шығармашыл түрде жұмыс жасау, қызықты жаңа идеялар ойластыру, оны дамытудың креативті тәсілдерін меңгеру және майн-карталар, Гантт чарттар көмегімен жоспарлау дағдыларын дамыту. | | |
| 68 | КП | ТК | Салалық журналистика | Пәннің мақсаты: Журналистикадағы ұлттық мүдде, тарихи сабақтастық, ақпараттық қауіпсіздік қағидаларын білім алушылар санасына сіңіру, жаңа технологияларды игерте отырып, кәсіби шеберлікке баулу.<br>Пәннің мазмұны: Қазақстандық салалық журналистиканың қалыптасуы мен дамуының негізгі бағыттарын айқындап, оны жоғары дамыған елдердегі салалық журналистика жетістіктерімен салыстырады. Әлеуметтік саладағы журналист жұмысының ерекшелігін ұғыну. Әлеуметтік журналистиканың кәсіби стандарттары: тақырыптық бағыттар, жанрлар және форматтар, әлеуметтік ақпараттармен жұмыс жасау технологиясы қалыптастыру. | 5 | v |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | БАҚ әралуан типтері ақпараттық саясаты мен тұжырымдарындағы әлеуметтік бағыттағы материалдарды талдау жүргізу. | |
| 69 | КП | ТК | Этножурналистика | Пәннің  мақсаты: Қазіргі заманғы медиа жүйеде студенттерді этникалық журналистиканың ерекшеліктерімен және оның көріністерімен таныстыру; заманауи этножурналист қызметінің қағидалары мен әдістерін меңгеру;<br><br>Қазіргі медиажүйеде, Қазақстан және алыс және жақын шетелдердің заманауи медиа жүйесінде этножурналист ретінде жұмыс істеудің негізгі құралдарын меңгеру;<br><br>Пәннің мазмұны: Этникалық журналистиканың ерекшелігі. Этникалық журналистиканың көрінісі, оның ерекшеліктері мен мазмұны. Ресейдегі көпұлтты медиа: тарихи-теориялық зерттеу тәжірибесі. Әлеуметтік және этникалық. Оның ерекшеліктері мен қоғамның әлеуметтік саласындағы көріністері. Этникалық журналистиканың ерекшеліктерін зерттеу ерекшелігі. Болашақ журналистерді даярлаудағы курстың орны мен рөлі. Курсты оқу процесінде қалыптасатын құзыреттер. Этножурналистика | v |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | бойынша журналистік мәтіндерді дайындау ерекшелігі. Этникалық журналистиканың сипаты. Этножурналистиканың негізі ретінде журналистикадағы этносаралық өзара іс-қимыл тақырыбы. Этникалық азшылықтардың журналистикасы, ұлттық тілдердегі диаспоралар. | | |
| 70 | КП | ТК | Редакция жұмысын ұйымдастыру | Пәннің мақсаты: журналистің кәсіби міндеттемелерінің көлемін, редакция жұмысын ұйымдастырудың негізгі қағидаларын игерту, журналист туындысын баспаға даярлаудың негізгі кезеңдерін ұғындыру.<br>Пәннің мазмұны: Бұқаралық ақпарат құралдары, баспа және ғаламтор, журналистік қызмет ерекшеліктерін қарастырады, өндірісті ұйымдастыру, редакция ұжымы құрылымы мен функционалдық міндеттемелерін айқындайды. Редакция ұжымындағы журналист жұмысының ерекшеліктерін ұғыну, редакция құрылымында бағыттала алу, оның қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттемелерін білу, редакцияның қызмет ету ерекшеліктерін талдау, функцияларды бөлу, журналистік қызметтегі мамандандыру рөлін білу, журналистік шығармашылық түрлерін, редакция қызметін ағымдағы және ілгерілемелі жоспарлау дағдыларын қалыптастыру. | 5 | |
| 7 | КП | ТК | Заманауи | Пәннің мақсаты: Телевизия | | v |

| | | |
|---|---|---|
| 1 | телехабарлар технологиясы | саласындағы журналистер мен редакторлардың тәжірибелерімен таныстыру, телесюжеттер мен радиохабарларды жасауға машықтандыру, сұқбат алу, мәтіндерді өңдеу дағдысын дамыту.<br><br>Пәннің мазмұны: Студенттерді теледидар хабарлары теориясы мен тәжірибесінің негізімен таныстырады. Қазақстандағы, ТМД елдеріндегі телевизияның заман талабына сай дамуына нақты талдаулар жасайды.Заманауи жаһандық ақпараттық кеңістік жағдайларындағы көпшілік қатысымының мәні мен ұғымынқарастыру. Көпшілік қатысымының проблематикасы, медиажүйелер мен заманауи қоғамдағы көпшілік қатысымдық үдерісінің ерекшелігі, әралуан шектес ғылымдар технологиясы мен заманауи әдістемелерді ескере отырып, көпшілік қатысым үдерісін зерттеудің негізгі әдістерін игерту. |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | КП | ТК | | | | v |
| 72 | Жаңа кәсіби құзыреттілік терді алу модулі/ Модуль приобретение новых профессиональных компетенции/ Module acquisition of new professional competencies | БП | ТК | Қосымша білім беру бағдарламасы бойынша пәндері (Minor бағдарламасы) | Пәннің мақсаты: Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі, салыстырмалы грамматика ғылымдарының зерттеу нысаны мен пәні, әдіснамалық-теориялық негіздері туралы мағлұмат беру. Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесінің тарихи қалыптасу, даму жолдарын көрсету.<br><br>Пәннің мазмұны: Оқытудың неғұрлым пайдалы, үнемді және тиімді әдістері мен тәсілдерін зерттейді және сипаттайды. Білім алушылардың материалды нақты қабылдауын, айқын түсінуін, оны өздерінің тәжірибесінде қолдануын талдайды. Пән мазмұны мен қағидаларын, әдістері мен тәсілдері туралы білім, дағды, білік мөлшерін белгілеп, оны игеру жолдарын анықтайды. Журналистика бағыты бойынша кәсіптік дағдылар мен шеберліктерді, білімдерді меңгереді және болашақ мамандығы бойынша құзыреттіліктерді игеру. | 12 | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 73 | Қорытынды аттестация модулі/ Модуль итоговой аттестации/ Module of final certification | КП | ЖК | Дипломалды немесе өндірістік практика | Іс-тәжірибе мақсаты: теориялық білімі бойынша жұмыстардың негізгі түрлерін орындаудың тәжірибелік дағдыларын бекіту, білімді тұжырымдау және нақты өндірістік жағдайларда өзіндік шешім қабылдау дағдысын дамыту.<br><br>Іс-тәжірибе мазмұны: журналист жұмысының мазмұнын, мақсаты мен міндеттерін айқындайды, журналистика жанрларының ерекшеліктерін ұғындырып, әр жанр түрлерімен жұмыс жасай білу дағдысын дамытады, журналистік туындылардың мазмұны мен пішініне талдау жасау, газет-журнал материалдарына сараптама жүргізу құзыреттіліктерін қалыптастырады. Қолданбалы бағыттылық пен оқытуды мамандандыруды қамтамасыз ететін тәжірибелік қызмет, теоретикалық білімдер мен дағдыларды біріктіру жолымен кәсіби қызмет тәжірибесі мен кәсіби шеберліктерді игеру. | 10 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 74 | Қорытынды аттестаттау | Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру | Жұмыс мақсаты: Мамандық бойынша теориялық білімдер мен тәжірибелік дағдыларды жүйелеу, бекіту, оларды нақты ғылыми, техникалық, экономикалық және өндірістік мәселелерді шешуде қолдану дағдыларын дамыту. Білім алушылардың кәсіби саладағы құзыреттіліктерін қалыптастыру.<br><br>Жұмыс мазмұны: Нақты мамандыққа сәйкес ғылым саласындағы өзекті мәселелерді зерттеу және өздігінен анықтаудың жалпылама нәтижелері көрсетіледі. Осы салада зерттеу жүргізген ғалымдардың жобалық шешімдерін түйіндейді. Даярлау бағыты бойынша жұмыс тәжірибесіне қажетті шеберліктерді игерту. Кәсіби журналистік қызмет дағдылары мен шеберліктерін жетілдіру, мамандандырудың оқытатын пәндерін тереңдете қарастыру үдерісінің үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін дипломалды іс-тәжірибесін іске асыру. | 8 | v |

## 5. Білім беру бағдарламасының модульдері кескінінде меңгерілген кредиттер көлемін көрсететін жиынтық кесте

| Оқу курсы | Семестр | Меңгерілген модульдер саны | Оқытылатын пәндер саны | | | KZ кредиттерінің саны | | | | | | Барлық сағаттар саны | Барлық кредиттер саны | Саны | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | Теоретикалық оқыту | Дене шынықтыру | Оқу практикасы | Өндірістік практика | Педагогикалық практика | Қорытынды аттестаттау | | | емтихан | диф. сынақ |
| 1 | 1 | 6 | 4 | 1 | 2 | 28 | 2 | | | | | 900 | 30 | 5 | 2 |
| | 2 | 5 | 4 | | 3 | 27 | 2 | 1 | | | | 900 | 30 | 5 | 3 |
| 2 | 3 | 6 | 1 | 3 | 4 | 28 | 2 | | | | | 900 | 30 | 6 | 2 |
| | 4 | 6 | 3 | 1 | 2 | 24 | 2 | | 4 | | | 900 | 30 | 5 | 2 |
| 3 | 5 | 5 | 1 | | 5 | 30 | | | | | | 900 | 30 | 6 | |
| | 6 | 4 | | | 4 | 24 | | | 6 | | | 900 | 30 | 4 | 1 |
| 4 | 7 | 3 | | | 4 | 21 | | | | | | 630 | 21 | 4 | |
| | 8 | 3 | | | 4 | 21 | | | | | | 630 | 21 | 4 | |
| | 9 | 1 | | | | | | | 10 | | 8 | 540 | 18 | | 1 |
| Барлығы | | | 8 | 5 | 28 | 203 | 8 | 1 | 20 | | 8 | 7200 | 240 | 39 | 11 |

## 6. Оқыту стратегиясы, әдістері мен жасанды интеллект, бақылау және бағалау

| | |
|---|---|
| Оқыту стратегиясы | Студентке бағытталған оқыту: білім алушы оқытудың/ үйретудің орталығы және оқыту мен шешім қабылдау үрдісінің белсенді қатысушысы.<br>Тәжірибеге бағытталған оқыту: тәжірибелік дағдыларды дамытуға бағыттау |
| Оқыту әдістері | Дәрістер, семинарлар, әртүрлі тәжірибе түрлерін өткізу:<br>•инновациялық технологияларды қолдану:<br>•проблемалық оқыту;<br>•кейс-стади;<br>•топта және шығармашылық топтарда жұмыс істеу;<br>•пікірталастар мен диалогтар, интеллектуалдық ойындар, жарыстар, викториналар;<br>•рефлексия әдістері, жобалар, салыстыру;<br>•Блум таксономиясы;<br>•презентациялар;<br>•ақпарат көздерін ұтымды және шығармашылықпен пайдалану:<br>•мультимедиялық білім беру бағдарламалары;<br>•электронды оқулықтар;<br>•сандық ресурстар;<br>• машиналық оқыту әдістері<br>Студенттердің өзіндік жұмысын, жеке кеңес беруді ұйымдастыру. |
| Оқыту нәтижелеріне қол жеткізуді бақылау және бағалау | Ағымдағы бақылау пәннің әрбір тақырыбынан аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтарда білімді бақылау бойынша жүргізіледі (силлабусқа сәйкес).<br>Бағалау формалары:<br>• сабақтардағы сұрау;<br>• оқу пәні бойынша тестілеу;<br>• бақылау жұмыстары;<br>• өзіндік шығарамышылық жұмысты қорғау;<br>• дискуссиялар;<br>• тренингтер;<br>• коллоквиумдар;<br>• эссе жазу т.б<br>Аралық бақылау бір оқу пәні бойынша бір академиялық кезеңде кемінде екі рет өткізіледі.<br>Аралық аттестация академиялық күнтізбеге, оқу жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі.<br>Өткізу түрлері:<br>● тестілеу түріндегі емтихан;<br>● ауызша емтихан;<br>● жазбаша емтихан;<br>● аралас емтихан;<br>● жобаны қорғау;<br>● практика бойынша есеп қорғау.<br>Қорытынды мемлекеттік аттестациялау |

# 7. БББ ОҚУ-РЕСУРСТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

| | |
|---|---|
| Ақпараттық-ресурстық орталық | Ақпараттық білім беру орталығының құрамына 6 абонемент, 16 оқу залдары, 2 электрондық ресурстық орталықтар (ЭРЦ) енеді.АББО желілік инфрақұрылымының негізін Интернет жүйесіне қосылған 180компьютер, 110 автоматтандырылған жұмыс орны, 6 интерактивті тақта, 2 видеодвойка, 1 видеоконференция байланыс жүйесі, А-4 форматты 3 сканер, АКАЖ «ИРБИС-64» (6 модулді базалық комплектілі) MS Windows бағдарламалы қамтамасыз етілген автономды сервер құрайды.<br>Кітапхана қоры аптасына 7 күн 24 сағат бойы on-line режимде http://lib.ukgu.kzсайтында пайдаланушыларға қолжетімді электронды каталогта көрсетілген.<br>Өзіндік: «Almamater», «ОҚУ ғалымдарының еңбектері», «Электрондық мұрағат»тақырыптық деректер қоры жасалған.Онлайн 24/7 режимде http://articles.ukgu.kz/ru/ops сілтемесі арқылы кез келген құрылғыдан қолжетімді.<br>Каталогтар электронды түрде өңделеді.ЭК 9 деректер қорынан тұрады: «Кітаптар», «Мақалалар», «Мерзімді басылымдар», «ОҚУ профессорлық-оқытушы құрамының еңбектері», «Сирек кездесетін кітаптар», «Электрондық қор», «ОҚУ баспада», «Оқырмандар» және «ОҚО».<br>АББО өз пайдаланушыларына электрондық ақпараттық ресурстарға қол жеткізудің 3 нұсқасын:каталогтар залындағы және АББО бөлімдерінің «Электронды каталог» терминалдарынан;факультеттер мен кафедралар үшін университеттің ақпараттық желісі; қашықтық режимде кітапхананың http://lib.ukgu.kz/web-сайты арқылыұсынады.<br>Халықаралық және республикалық ресурстарға қолжетімді:«Springer Link», «Полпред», «Web of Science», «EBSCO», «Эпиграф»,ашық қолжетімді ғылыми журналдардың электронды нұсқаларына, «Зан», «Республикалық жоғары оқу орындары аралық электронды кітапхана РМЭБ», «Әдебиет», Цифрлы кітапхана "Aknurpress", «Smart-kitap», «Kitap.kz» және т.б.<br>АББО ерекше қажеттіліктері бар және мүмкіндігі шектеулі студенттер үшін, кітапхана сайты нашар көретін пайдаланушылардың жұмысына бейімделген. |
| Материалдық-техникалық база | 6В03220 – Журналистика білім бағдарламасының материалдық-техникалық базасын №417 мультимедиалық кабинет пен университеттің бас ғимаратында орналасқан «Ауэзов FM» телестудиясы құрайды. |

6В03220 - Журналистикамамандығы студенттері үшін университетте 17 лекция залдары, 20 жаңа тәжірибелік кабинеттер, 2 конференц-зал (бас ғимарат №250), 1 халықаралық зал, «Мұхтартану» кабинеті, 9 компьютерлік сынып, 2 лингвистика кабинеті, 9 мультимедиалық кабинет, 2 өзін-өзі тану кабинеті, 3 ресурстық орталық және т.б. жабдықталған. Кабинеттер мен телестудияоқытуға арналған заманауи техникалық құрал-жабдықтармен жасақталған.

КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

«6В03220 – Журналистика» білім беру бағдарламасы бойынша

АкМЖД директоры ________ Наукенова А.С.

АҒД директоры ________ Назарбек Ұ.Б.

КжКД директоры ________ Бажиров Т.С.